

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Түйсік процесі

Түйсік дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің сезім Мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейне.
Қарапайым психикалық процесс.



Адамның объективтік дүниені тану процесі күрделі де диалектикалық құбылыс. Түйсік, қабылдау және солардың негізінде пайда болған елес бейнелерді бірнеше сатыға бөліп қарастырған:

- 1) «Нақты пайымдау» деп аталған таным сатысы. Бұл жануарларда да, адамдарда да болатынын айта отырып, сезімдік бейнелеудің бұл формаларының (түйсік, қабылдау, елестету) оларға бірдей болмайтындығын ерекше ескерткен жөн.
- 2) Таным 2-ші сатысы абстрактілі-теориялық ой адамға ғана тән. Таным практикалық әрекет үстінде туып, үнемі практика арқылы тексеріліп отырады. Практика біздің бір немесе бірнеше бейнені яки ұғымды ақиқат (объективтік шындыққа сай келетін) немесе жалған (дүниенің қате бейнелеуін) деп есептеуіміздің белгісі (өлшемі, негізі) болып айналады.

Идеалист философтар “Түйсік – біздің саналы өміріміздің емес, ол табиғаттан берілген, сыртқы әсерлерге тәуелсіз санамыздың ішкі қалпы, ақыл-ой қабілетіміз” – деп тоқталған.



Д.Беркли



Д.Юм



Э.Мах

“Сезім мүшелерінің ерекше энергиясы” – деген теорияның астарында сезім мүшелерінің әрқайсысы (көз, құлақ, тері, тіл) сыртқы дүние әсерлерін бейнелемейді, нақты шындық процестерден хабар бермейді, болғаны – сырттан өзіндік процесстерді қоздырушы ықпалдарды ғана қабылдайды деген пікір жатыр.



Г.Гельмгольц

Түйсіктің негізгі заңдылықтары

Сезгіштік
табалдырықтар

Адаптация


Түйсіктің өзара
байланысы.
Сенсибилизация

Синестезия

Қарама-
қарсылығы

Бір ізді образдар

Түйсік қарқыны мен тітіркендіргіштер күші арасындағы психологиялық тәуелділік сипаты түйсік табалдырығы немесе сезгіштік табалдырығы деп те атайды. Психологияда адамның түйсіне алу қабілетін сезгіштік деп атайды.



Абсолюттік сезгіштік дегеніміз – сезім мүшелерінің өте әлсіз тітіркендіргіштерді түйсіне алуы. Мысалы, біреу бір мм квадрат аумаққа түсетін салмақты 3 гр-нан бастап сезетін болса, 2-ші біреу осындай жерге түсетін салмақты 6гр-нан бастап сезеді. Бұдан соңғы адамның түйсік табалдырығы екі есе артықта, абсолют сезгіштігі екі есе кем екендігі көрінеді.

Айырма сезгіштік дегеніміз – сезім мүшелерінің тітіркендіргіштерінің арасындағы болмашы айырмашылықты түйсіне алуын айтады

Адаптация- сезім мүшелерінің әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуі. (жарық жерден қараңғыға, дәм, иіс)

Түйсіктің өзара байланысы. Сенсбилизация- бір талдағыш жүйесі сезгіштіктің басқа талдағыш жүйесіне әсерінен өзгеруі.

Синестезия дегеніміз – пайда болған бір модальды түйсіктің басқа модальды түйсікті қоздыруы синестезия түйсіктің сезгіштік реңкін арттыра түседі, ол дара көрініс.

Қарама-қарсылық дегеніміз – ілгері және қосарланған тітіркендіргіш әсеріне қарай түйсіктердің қарқыны мен сапасының өзгеруі.

Тітіркендіргіш әсерінің тоқталғанына қарамай, аз ғана уақыт болса да түйсіктің өз күшінде қалатын кездерін бір ізді образдар деп атайды.

Түйсіктің түрлері

1. Сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің бейнесі болып табылатын түйсіктер-эксторецептор деп атайды.

Көру түйсігі


Дәм түйсігі

Есту түйсігі

Иіс түйсігі


Тері түйсігі

2. Ішкі мүшелеріміздің күйін бейнелейтін түйсіктерге түрлі органикалық түйсіктер жатады. Олардың рецепторларын интероцептор деп атайды.



Органикалық түйсіктері ішкі мүшелердің қатарына өңеше, қарын, ішек, тамыр, өкпе, жүрек т.б жатады.

3. Дене мүшелерінің қозғалысы мен бір қалыпты орналасуын қозғалыс немесе кинестезиялық түйсіктері хабарлап отырады. Мұның рецепторы проприоцептор деп атайды.



Кинестезиялық түйсіктер дененің жеке білдіреді. Кинестезиялық түйсіктерді кейде қозғалыс түйсігі деп те атайды. Оның рецепторы – сіңірлердегі нервтердің ұштары.